

Д.К. ПОШАЕВ¹, А.К. РЫСКУЛОВ¹, Г.Е. КУЖАГУЛОВА¹¹Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті

✉e-mail: Aldiar_8686@mail.ru

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢДЕГІ ДАМУ ТҰЖЫРЫМДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада педагогика ғылымының қазіргі кезеңдегі негізгі бағыттары, қоғам мен білім беру жүйесінің өзгеруіне, жаңа білім беру философиясына байланысты негізгі қағидаттары мен тәсілдері талданады. Сонымен қатар педагогика ғылымының оқу мен тәрбие практикасынан артта қалуының негізгі себептері қарастырылады. Педагогика ғылымы соңғы жылдары қоғам мен экономикадағы өзгерістерге, сондай-ақ әлемдік білім беру процестеріне жауап ретінде жаңа бағыттар мен тәсілдерге көшу үстінде. Бұл өзгерістер педагогикаға жаңа көзқарасты қалыптастыруды талап етеді. Педагогика ғылымы саласының өркендеуі мен тәрбие-оқу үдерісіндегі жаңа айқын талаптар арасында алшақтық соңғы жылдары көп байқалуда. Осы алшақтық себептерінің негізіне оқыту үдерісі әдістемелерінің өте баяу жаңаруы, педагогикалық практика мен теорияның арасындағы байланыстың төмендеуі, оқу мен тәрбие жүйесіндегі инновациялық технологияларды енгізу деңгейінің төмендігі дәлел болып отыр.

Мақалада педагогика ғылымының бұл қиындықтарын шешу үшін ғылыми зерттеулер мен педагогикалық тәжірибелердің бір-бірімен тығыз байланысты болуы керектігі айтылған. Білім беру жүйесінің тиімділігін арттыру үшін педагогикалық қағидаттар мен әдіс-тәсілдерді жаңарту, олардың жаңа заман талабына сай өзгеруі маңызды. Заманауи тұрғыдан алғанда педагогикадағы жаңа бағыттар мен тәсілдер ғылым мен практиканың өзара үйлесімділігіне негізделуі тиіс. Қазіргі заманда педагогика ғылымы оқу мен тәрбие жүйесінде жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үшін тиісті ғылыми зерттеулер жүргізуді қажет етеді. Мұндай зерттеулердің нәтижесінде педагогикалық теорияның практикаға негізделген жаңа үлгілері пайда болады, бұл оқу мен тәрбие процесін жақсартуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: ғылымды дамыту, әдіснама, интеграция, мәденитаным, ғылыми зерттеу, болжамды серпілістер, жетекші идея генераторы.

Кіріспе

Қазіргі жаһандық білім беру кеңістігіндегі бетбұрыстардың өзгешеленуіне назар аударатын болсақ, жаңа білімді игеру әлем ғалымдарынан жаңа идеяларды туындатуды талап етеді. Бүгінгі таңда педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарының қажеттілігін нақты айқындау үшін, оның құрылымы мен механизмдерінің мазмұнын қайтадан

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Пошаев Д.К., Рыскулов А.К., Кужагулова Г.Е. Педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдары // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №2 (140). – Б. 31-44. <https://doi.org/10.47526/3107-3123.331>

*Cite us correctly:

Poshaev D.K., Ryskulov A.K., Kuzhagulova G.E. Pedagogika gylymynyn zhana kezendegi damu tuzhyrymdary [Concepts of Development of Pedagogical Science in the New Period] // Yassawi Journal of Education Studies. – 2026. – №2 (140). – Б. 31-44. <https://doi.org/10.47526/3107-3123.331>

Мақаланың редакцияға түскен күні 14.04.2025 / қабылданған күні 30.06.2026

стратегиялық бағытта құруды мақсат ете білу керек. Ол үшін педагогика саласын дамытудың заманауи уақытқа арналған тұжырымдамаларын дайындау және оны жан-жақты дәйектеу қажет.

Мұндай тұжырымдаманы әзірлеу төмендегі міндеттерді қамтиды:

1. Педагогикалық ғылымды дамытудың жаңа уақытына арналған педагогикалық және әлеуметтік негіздегі заңдылықтарын зерделеу;
2. Педагогикалық ғылымды дамытудың жаңа кезеңіне арналған әлеуметтік және педагогикалық тұрғыдағы заңдылықтарын негіздеу;
3. Жаңа кезеңге қатысты тұжырымдама мәнін және ерекшелігін анықтау;
4. Стратегиялық бағытта педагогика ғылымының алдына қойылатын өзекті міндеттерді айқындау.

Қазіргі кезеңде қоғамның дамуында түбегейлі өзгерістер орын алып, жаңа идеялар мен тәсілдер пайда болды (білім беру реформасы, инновациялық технологияларды енгізу, әлеуметтік саясатты жаңарту, мәдениетті қолдау және т.с.с7). Осыған байланысты Қазақстан Республикасының білім беру жөніндегі мемлекеттік саясаты, еліміз егемендік алғалы педагогика саласындағы өзара байланысты үш мәселені шешуге бағытталған. Біріншіден, көптеген жылдардан бергі жинақталған білім саласындағы озық тәжірибелерді сақтау, екіншіден, еліміздің саяси-экономикалық және әлеуметтік талаптарын ескере отырып, қазақстандық білім беру жүйесінің жаңа моделін құру. Екі мәселенің де ортақ шешімі ретінде оқыту процесінің ұлттық моделін жүйелеудің қазіргі әдістемелік және әдіснамалық негіздерін жасауды толығымен қолдау керек. Үшіншіден, отандық оқулықтарымыздың жағдайы жаңа заман талабына сай қарастырылуы керек.

Біздің тақырыпты таңдап алудағы ең негізгі мақсатымыз – педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарына ұлтымыздың келешегінде жүзеге асырылатын іс-әрекеттерімізде білімнің ұлттық негізін, рухани мазмұнын және ұлттық құндылықтарымыздың сақталуын қамтамасыз ету. Ол үшін білімнің ұлттық жүйесін қалыптастыру мәселесіне баса назар аударылуы керек. Өйткені қазіргі білім де, білім беру жүйесі де кеңес одағының бірыңғайландырылған, бірқатар педагогикалық принциптері жағынан кеңестік азаматты қалыптастыруға ыңғайландырылған жүйе ықпалынан әлі де шыға алмай отыр. Міне, осыдан кейін-ақ, оқытудың жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарының жүйелеуші функциясын білуіміз керек екеніне баршамыздың көзіміз жеткен сияқты. Мұндағы тәрбие мен білімнің түп негізін халқымыздың ұлттық рухани мұраларын сақтап қана қоймай, оны дамытып, байытып, әдеп-ғұрпы мен салт-дәстүрін, тарихи маңызды құндылықтарын, әсіресе ой-сана өрісін қазіргі тұлғалық жағынан дамыған, адамзат өркениеті шыңына көтеру деп түсіну қажет. Осы тұрғыда бір айта кететін жайт, қазіргі таңда игерген білімдеріміз ұлтымыздың салт-дәстүрі мен ұлттық құндылықтарына негізделіп отырып, халқымыздың өмір қалпын жаңаша түзуге біртіндеп бетбұруда. Сол себептен де педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдары дәстүрлі оқытудың әдіснамалық негізіне айналуы қажет. Дәстүр субъективті факторларға тәуелді болғанымен, кең мағынада алғанда объективті құбылыс. Сондықтан да оны қоғам және уақыт сипаты анықтайды. Десек те, білім беру саласында жаңа оқыту құрылымын жасауда жоғары белсенділік, инновациялық ұстаным жасауға батылдық көрініс таппай отырған сияқты.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Педагогика ғылымы өмірдің, оқу мен тәрбие практикаларының талаптарынан артта қалуының басты себептерінің бірі – педагогикада (педагогикалық санада) ғылымды ұйымдастыру мен басқару барысында қалыптасқан педагогикалық теория мен білім беру жүйесінің (мектептің) дамуының эволюциясына ғана назар аудару. Бұл әлеуметтік-гносеологиялық (танымдық) көзқарас болып табылады.

Педагогикалық ғылым мен практиканы дамытудың негізгі бағыттарында ауқымды және болжамды серпілістерді алға тартатын революциялық тұрғыдағы көзқарастар дайын болмады.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларында, соның ішінде білім беру саласында революциялық қайта құрулардың қажеттілігі нақты дайындықтың жоқтығын айқын көрсетті. Нәтижесінде ғылыми-педагогикалық санада догматизм орын ала бастады. Теория мен практикада жаңа нәрсені ашуды байқамау және қолдай алмау, ғылымды практикаға бағыттау мен ұйымдастыруда ғылыми зерттеулерді басқарудың таза әкімшілік-командалық, динамикалық формалары, олардың ашық және тең құқықты (лауазымына қарамастан) пікірталастарға немқұрайлы қарауы және оған деген ұмтылысының күнгірттен бастауы байқалды. Мұндай жағдай ғылымдағы жетекші идеялар генераторы болып табылатын, ғалым рөлін әкімші рөлімен алмастыра отырып, ғылыми мектептерді елемей сипатындағы әрекеттердің белең алуына алып келді.

Элен Битэм мен Рона Шарштың «Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны» оқулығында педагогиканың қазіргі заманға сай дамуы мен жеке тұлғаны дамытуға бағытталған жобалары қарастырыла отырып, оқыту қызметін заманауи электрондық технологиялар контекстінде зерттеу мен зерделеудің мәселелері кеңінен қарастырылған. Бұдан шығатын қорытынды педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарына қолжетімді мобильді білім берудің техно-бағдарлы болашағын стратегиялық бағытта баяндау қажеттілігінің маңызды екендігі анықталып отыр [1].

Бүгінгі күннің талабы ретінде оқыту үдерісін ұйымдастыруда білім беру мазмұнын ашуға, ұлттық идея, ұлттық құндылықтар негізінде оқыту уақытты ұттырмайтын мәселе. Өйткені, жаңа нәрсенің құны қаншалықты жоғары болса, ескінің де құны одан артық болмаса, кем түспейтінін – өмір дәлелдеп отыр. Ғылымды практика мен мектеп талаптарынан алшақтату – практиканың эволюциялық тұрғыда дамуына бағдарланудың салдары болып табылады: егер мектептің шын мәніндегі бөлшектері (оқыту мен тәрбие процестерінің мазмұн мен әдістері, ұйымдастыру формалары және т.б.) сапалық өзгерістерге ұшырамаса, онда жағдайды педагогика тұрғысынан терең зерттеудің қажеті болмайды, оны бұрынғы тәжірибе негізінде шектеуге болады. Осылайша, бірқатар ғылыми-этикалық құндылықтардың деформациясы байқала бастады. Мысалы, қазіргі күн тәртібінде әлемдік өркениетке негізделген ұлттық тәрбиеге көбірек көңіл бөлінуі керек. Тарихты, мәдениетті білмейтін ұрпақ өзін ата-анасын білмейтін жетім бала сияқты ұстайтыны бәріне белгілі. Осы себепті, ұлттық құндылықтарымызды жаңа педагогикалық тұжырымдарға сай жаңғырту, ұнамды ұлттық қасиеттерді үйрену – бұл мәселені түгелдей қайталау емес, керісінше, қазіргі қоғам мен уақыттың сипаттарына сәйкес анықтау [2].

Эволюциялық тұрғыдан алғанда, жаңашыл педагогтер мен ғалымдар ғылым мен тәжірибені дамыту ережелерінен гөрі аномальды бағытқа ауған сияқты. Ғалымдарға жаңа идеяларды ұсыну, әзірлеу және енгізумен емес, зерттеу нәтижесі ретінде монографиялар жазуға басымдық берілді. Бұл ғылымда зерттеудің жаңа бағыттарын ашуға, оны қолдауға, орын алатын қайшылықтарды анықтауға, ғылым саласындағы бюрократияны жеңуге толықтай ықпал ете алмайды. Мұндай жағдайда оқыту мен тәрбиелеуге біртұтас көзқарас қалыптастыру мүмкін болмайды. Демек, педагогикалық ғылым мен білім беру жүйесін түбегейлі қайта құру үшін бастысы, педагогикалық ғылымды және оны ұйымдастыру формаларын білім берудің сандық өсуіне, маңызды емес өсуіне, сондай-ақ педагогикалық практикаға ойластырылған көзқарасқа бағдарлаудың әдіснамалық кемшіліктерін жеңу қажет. Яғни, эволюциялық әлеуметтік-гносологиялық (субъектінің таным бағыты сыртқы дүниені тану) көзқарасты жеңу - жаңа кезеңнің әлеуметтік және педагогикалық қажеттілігін, оның осы жағдайдағы заңдылығын сипаттайды. Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, білім беруде гносологиялық бағыт тек сыртқы дүниені танумен шектеліп қалмай, субъектіге өзін-өзі тану, өз орны мен рөлін анықтау қажеттілігін де қамтуы тиіс. Бұл бағыт әзірге кемшін қалып отыр. Орын алып отырған мәселелер: себептік байланыстарға негізделінген органикалық тұтастықты зерттеудің кең фронт әдісі, мәдени-тарихи, тарихи-генетикалық, әдістер арқылы зерттелді. Мұнда, зерттеудің әдіснамалық және идеологиялық тұғырнамасы ретінде дала

философиясының ғылыми объективтілігі, ұлттық құндылықтарымыздың диалектикасы, білім берудің мәдениет контекстіндегі мазмұндық және процессуалдық аспектілері басшылыққа алынды [3].

Шунк Дейл Х. қазіргі білім беру көкжиегінде оқытудың жаңа теориялық қағидалары мен концептілеріне және ғылыми-зерттеу нәтижелеріне жаңаша көзқарастармен қарауды ұсына отырып, нейроғылымды заманауи мектептердегі оқу-танымдық процесте қолданудың маңыздылығына ерекше тоқталады. Шунк Дейл Х. жоғарыда атап өткендейб педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдары тек дәстүрлі негіздегі ұлттық құндылықтарымызбен шектеліп қана қоймай, қазіргі заман талабына сай озық тәжірибелер мен жаңаша технологияларды бірегей жүзеге асырса, біздің зерттеуге алып отырған тақырыбымыздың өзектілігі де жаңа қырынан кеңірек қамтылар еді [4].

Н.С. Әлқожаеваның пайымдауынша, педагогикалық зерттеулер жаңа білімдер мен тұжырымдарды алуға бағытталған ғылыми әрекет процесі мен нәтижесі. Яғни, оқытудың тәрбиелеу мен мамандандыру заңдылығы туралы құрылымы мен механизмдері, мазмұны мен жаңа технологияларды жүзеге асыру әрекеті болып табылады. Біз негізге алып отырған тақырыбымыздағы басты бағыт – педагогикадағы жаңа кезеңдегі даму тұжырымдары болғандықтан оқыту мен тәрбиелеудің бірегей жаңа технологияларының заңдылықтарын қамту мәселесін де назарға алуды жөн көрдік [5].

Поллард Эндрю педагогикада жаңа бағытта оқыту жүйесін жақсарту үшін алдымен мұғалімдердің кәсіби білігін көтеру, атап айтқанда мектептегі практикалық даярлық пен үздіксіз кәсіби даму әдістерінің маңызды екендігін қарастырады. Мұғалімнің оқыту процесінде жаңа технологияларды кеңінен пайдалануы, оқушылармен жақсы қарым-қатынасының болуы оның кәсіби даярлығының жоғары деңгейде екендігінің айқын айғағы деп санайды [6].

Белгілі қазақстандық ғалым Ш.Т. Таубаева отандық білім беру жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне ену үдерісіндегі парадигмалық өзгерістерін қарастыра отырып, жаңа формациядағы педагог тұлғасына қойылатын талаптар мен қағидалардың жаңа заман талабына сай болуы керектігіне баса көңіл бөледі. Ғалымның пайымдауынша, педагогикалық зерттеулердің жаңа заман талабына сай жүргізілуі болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі мен үздіксіз кәсіби өсуіне және жаңашыл технологиялардың мазмұнын жан-жақты меңгеруіне, педагогикалық кәсіп пен әрекеттің жүйелі бірегей жүзеге асырылуына ықпал ететін маңызды факторларды анықтап алу қажеттілігіне баса назар аударады [7].

Қандай ғылым саласын алсақ та теориялық тұжырымдарымен бірге педагогикалық зерттеулер деңгейі де қатар жүретіндігі анық. Педагогикалық зерттеулер дегеніміз – педагогикалық ақиқаттың сапасы мен деңгейіне, ғылыми-зерттеу нәтижелері мен олардың болашақта білім беру ісінде қолданылу мүмкіндігі бар педагогикалық іс-әрекет түрі болып табылады. Педагогикалық өзара іс-әрекет зерттеулері нәтижелі болғанда ғана жаңа білім алу процесіне қол жеткізуге болады. Эмпирикалық педагогикалық білім – педагогикалық зерттеулер нәтижесінде алынған шынайы деректерді дәлелдеу және растау тәсілі [8].

Б.С. Гершунский педагогика әдіснамасының зерттеу пәні, тек білім мен таным процестері ғана емес, оқыту мен тәрбиелеу практикасы, олардың табиғи дамуының диалектикасын қайта құру екендігін ерекше атап өткен болатын. Әдіснаманың бір функциясы – гносологиялық абсолютенуді жеңу. Әдіснаманың шығармашылық және трансформациялық функциясын дамыту қажет. Трансформация туралы білім – әдіснамасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Педагогикалық қазіргі тенденциялар білім беру саласындағы зерттеу нәтижелерін нақтылауды, педагогикалық құбылыстарды тиімді болжауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерінде білім берудің болжамдық модельдерін құру және оларды эксперимент барысында қолдану қазіргі білім берудегі қателікті азайтып, зерттеу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді [9].

Қазіргі педагогикада қалыптасқан ғылымдағы адамдардың көзқарастарын біріктіретін әдістерді жеңу керек. Бұл тек таным әдістерін ғана емес, сонымен бірге қазіргі кезде ерекше маңызды болып табылатын педагогикалық жағдайды түрлендіру әдістерін, педагогикалық құбылыстарды түрлендіру әдістемесін жасау қажеттігін білдіреді. Сондай әдістердің бірі – рефлексивті оқыту әдісі. Рефлексивті оқыту әдістері мұғалімдердің кәсіби біліктілігін көтерумен қатар мектептегі тәжірибе барысында сабақты жаңа технологиямен түрлендіріп өткізу, бастауыш мектеп оқушыларының іс-әрекеті мен мінез-құлқын зерттеу және олармен дұрыс қарым-қатынас орнату, сонымен қатар оқу барысын бағалау әрекетін негіздейді [10].

Педагогикалық білім беруді қолдау және білім алушыларға жан-жақты көмек көрсету оқытудың тиімді әдістері мен технологиясын түсіндіруге, жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Сондықтан бұл мәселе болашақ мамандар мен білім алушылар тарапынан да шешілуі тиіс мәселе болып табылады. Бұл, өз кезегінде оқытуды оқу-әдістемелік тұрғыдан жүйелі ұйымдастыру мақсаты мен қажеттілігіне алып келеді. Білім ғылыми-техникалық прогресті дамыта отырып, білім беруді қаржыландыру еліміздің экономикасын арттырғанымен, оның дүниенің тұтастығы принциптеріне назар аударма бермейтінін айқын көруге болады [11].

Педагогикалық зерттеудің барысында шындыққа жүгіну арқылы оны өзгертуге және танымның эмпирикалық деңгейінің әдістері мен нәтижелерін қолдану талап етіледі. Бұл талап теорияның практикамен байланысын күшейтуге бағытталған. Көрсетілген мәселелер, жалпы ғылыми және жеке ғылыми әдістер мен тәсілдерді педагогикада тиімді пайдалану жолдарын талдаудан туындайды. Оларды орындау – педагогикалық зерттеу әдістерін байыту шарттарының бірі. Қазіргі кезеңде, соңғы онжылдықтарда, елімізде педагогика принциптерін шығармашылық тұрғыда дамыту және оларды тәжірибеде жүйелі қолдану үшін қолайлы жағдайлар жасалуда. Бұл процестің негізінде қоғамның даму бірлігі, мектептің әлеуметтік функциясының байытылуы, сондай-ақ қоғамның жаңару процесінің барлық аспектілерін ескеру қажет. Осыған байланысты педагогикалық принциптерді жаңа жағдайға бейімдеу және дамыту қажеттілігі айқын көрініп отыр [12].

Педагогикалық ғылым мен практиканың интеграциясы олардың бір-біріне қарай бағытталған қозғалысы, мектептің ғылыммен байланысының жаңа ұйымдастырылған формалары, жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі тиіс. Ғылым мен практика бір-біріне жақындаған сайын, олардың нәтижелері білім беру процесіне әсер етеді, әрі педагогика мен ғылыми-зерттеу арасындағы өзара байланыс жаңартылады. Мектептер мен жоғары оқу орындары оқу-ғылыми-өндірістік кешендерге айналуы тиіс. Бұл өзара байланыс мектептерде ғалымдар мен әдістемелік қызметтер арасында тығыз ынтымақтастықты, білім беру мен ғылыми зерттеулердің ортақ жұмысын қамтиды. Ғылыми зерттеулер мен педагогикалық тәжірибенің бірігуі қазіргі заманғы білім беру жүйесінің маңызды компоненті болып табылады [13].

Талдау мен нәтижелер

Педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарына байланысты зерттеу жұмысымыздың мақсатын тереңірек ашу үшін Англияның 2014 жылғы Мемлекеттік білім бағдарламасындағы және Шотландияның Мемлекеттік білім бағдарламасындағы соңғы өзгерістерге сүйене отырып, гуманитарлық ғылымдар докторы Рассел Григгтің теориялық зерттеулері мен нақты сынып тәжірибесін негізге алдық. Рассел Григг өз зерттеулерінде бастауыш мектеп мұғалімдерінің шеберлігін шыңдау үшін кейс-стадилерді қолдана отырып, жан-жақты талқылайды. Бастауыш мектеп мұғалімдерінің шеберлігін шыңдау үшін не қажет екенін нақтылау үшін ізденіс жұмыстарын жүргізіп, тәжірибелі ұстаздардың кеңестері арқылы бастауыш білім берудегі кәсіби шеберлікті шыңдаудың және оқыту сапасын арттырудың тиімді әдістерін ұсынады [14].

Біздің эксперименттік жұмысымыз 2024-2025 оқу жылында Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің 6B01404 – Көркем еңбек және сызу мұғалімін даярлау білім беру бағдарламасы, 6B01403 – Музыка мұғалімін даярлау білім

беру бағдарламасы және 6B01402 – Дене шынықтыру және спорт мұғалімін даярлау білім беру бағдарламаларында оқитын 2-курс студенттерімен өткізілді. Зерттеуге жалпы 256 білім алушы қатысты. Бақылау тобында – 128 білім алушы, эксперименттік топта – 128 білім алушы іріктеме жасау арқылы таңдау негізінде бөлінді. Бөлінген топтардың бастапқы білім деңгейінің теңдігі алдын-ала диагностика арқылы тексерілді. Бағалау 100 балдық шкала негізінде жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысында педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдары негізінде дайындалған оқыту технологиясының тиімділігін анықтауға бағытталды. Зерттеу кезінде квазиэксперименттік дизайн негізге алынып, бақылау және эксперименттік топтары бар pre-test – post-test моделін қолдану жүзеге асырылды. Эксперимент үш кезеңді құрады:

- диагностикалық кезең, яғни, алдын-ала өлшем жасау;
- қалыптастырушы кезең – педагогикалық интервенция;
- қорытынды кезең – кейінгі өлшемдерді салыстыру.

Эксперименттік топта педагогика ғылымының жаңа даму тұжырымдарына негізделген оқыту технологиясы енгізіліп, төмендегідей компоненттер қамтылды:

- құзыреттіліктерге бағытталған компоненттер;
- цифрлық білім беру құралдарын пайдалану;
- интерактивті оқыту құралдары;
- рефлексия және кері байланыс жүйесі;
- дербестендірілген оқыту элементтері.

Бақылауға алынған топта педагогика ғылымының жаңа даму тұжырымдарына негізделген оқыту дәстүрлі әдістер арқылы жүзеге асырылды. Өлшемдер екі рет жүргізілді (1-кесте) және барлық қатысушылар бірдей тестілеу жағдайында бағаланды:

1-кесте – Педагогика ғылымының жаңа даму тұжырымдарына негізделген оқыту технологиясының өлшемдік деректері

Кезең	Мақсаты
Pro-test	Бастапқы деңгейді анықтау
Post-test	Интервенция әсерін анықтау

Алынған деректер SPSS бағдарламасы арқылы өңделді. Сонымен қатар орташа мән (Mean) және стандарттық ауытқу (SD) статистикалық әдістері қолданылды. Бақылау және эксперименттік топтарды салыстыру мақсатында тәуелсіз t-тест және жұптық t-тест жүзеге асырылды. Негізгі талдау екі факторлы дисперсиялық талдау (Mixed ANOVA, 2×2) негізінде, нақтырақ айтқанда:

- фактор1: топтар негізінде (бақылау / эксперимент)
- фактор 2: уақыт шектеуімен (pre / post) жүргізілді.

Деректерді статистикалық өңдеудегі әсер мөлшерінің Cohens' d Partial Eta Squares (η^2) маңыздылық деңгейі $p \leq 0,05$ тең болды.

Зерттеудің сенімділік өлшеу құралдары бірнеше тәсілмен тексерілді. Атап айтқанда, Cronbach's alpha тәсілінің негізінде бастапқы деңгейді анықтау барысында (pre-test): $\alpha = 0,87$, интервенция әсерін анықтауда (post-test): $\alpha = 0,91$ көрсеткішті берсе, тест-ретест корреляциясы: $r = 0,79$ ($p < 0.001$) нәтижесінде қолданылған өлшеу құралдарының жоғары сенімділігін көрсетті.

Топтар ішіндегі прогресс бойынша (paired t-test) бақылау тобында 63.4→68.2, яғни, өсу +4.8 баллды көрсетіп, $t = 5.12$, $p < 0.01$ нәтиже берсе, эксперименттік топта 64.1→78.6, өсу +14.5 баллды құрап, $t = 15.87$, $p < 0.001$ нәтижесінде эксперименттік топтағы өсімнің 3 есе жоғары екенін көрсетті. Пайыздық өсімді екі топпен салыстырмалы түрде алғанда бақылау тобында 7.6%, эксперименттік топта 22.6% көрсетті.

Эксперимент басталғанға дейін екі топтың білім деңгейінің бастапқы біркелкілігі диагностика арқылы анықталып алынды. Себебі, қандай болмасын, оқу орындарында, тіпті бүкіл білім беру жүйесіндегі оқыту мәселелері ішінен, оқыту үдерісінің тиімділігі немесе білім алушыға кез-келген педагогикалық әсердің тиімділігі ең маңызды мәселе болып табылады. Сондықтан алынған деректер бойынша бақылау тобының орташа көрсеткіші 63.4 (SD=8.5) баллды құраса, эксперименттік топта орташа көрсеткіш 64.1 баллды (SD=8.2) баллды құрады. Student t – тесті нәтижесінде екі топ арасындағы айырмашылық статистикалық тұрғыдан алғанда маңызды еместігі ($t = -0.67$; $p > 0.05$) анықталды. Алынған нәтиже зерттеу топтарының бастапқы білім деңгейінің тең екенін көрсетіп, кейінгі өзгерістердің эксперименттік ықпалмен байланысты екендігін дәлелдеуге мүмкіндік берді.

Дегенмен, оқыту үдерісі бірқатар қайта құрылымдауға бағытталғанына қарамастан, әліде қанағаттанарлық деңгейде емес және сапалы білім алуға нақты әсер ете алмай отыр. Оқыту үдерісі оқу орнында білім беруді ұйымдастырудың басты тетігі саналатындықтан, болашақ мамандардың шығармашылығы мен кәсіби жетілуі оқыту үдерісінің оңтайлы, мазмұны және тиімді басқарылуына тікелей байланысты екенін естен шығармаған жөн. Бұл, өз кезегінде, оқыту үдерісін ұйымдастыруға бірқатар өзгеріс енгізуді талап етеді. Осыған байланысты, бұрын орын алып отырған гностикалық бағыт, яғни, білім беру бағытына басымдылық берілген болса, қазіргі кезде іс-әрекеттік бағытқа көшу басты мәселеге айналып отыр.

Эксперименттік жұмыстан кейін білім алушылардың оқу жетістіктеріне қайта өлшеу жұмыстары жүргізілді. Қайта өлшеудің нәтижесінде білім алушылардың білім сапасының айтарлықтай артқанын байқадық (2-кесте).

2-кесте – Білім алушылардың оқу жетістіктерін қайта өлшеу нәтижелері

Топ	Орташа мән (M)	Стандарттық ауытқу (SD)
Бақылау тобы	68.2	8.1
Эксперименттік топ	78.6	7.4

2-кестеде көрсетілгендей, эксперименттік топтың орташа көрсеткіші бақылау тобымен салыстырғанда 10.4 баллға жоғары болды. Тәуелсіз t-тест нәтижесі бұл айырмашылықтың өте жоғары деңгейде статистикалық жағынана мәнді екенін көрсетті:

$$t = -10.72; p < 0.001$$

Бұл көрсеткіш педагогикалық инновациялардың білім сапасына нақты ықпал еткенін дәлелдеп отыр. Жүргізілген статистикалық талдау нәтижелері педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарын білім беру процесіне енгізуде білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға зор ықпал ететінін көрсетті. Эксперименттік топта білім сапасының әжептәуір өсуі айырмашылықтың жоғары статистикалық мәнділігі зерттеуімізге арқау болып отырған педагогикалық жаңашылдықтың тиімділігін дәлелдейді. Зерттеу нәтижелері инновациялық, цифрлық және белсенді оқыту технологияларын жүйелі қолдану барысында білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылатындығын ғылыми тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік берді.

Қазіргі оқыту процесінің мақсаты - оқытудағы барлық еңбек түрлері мен формалары бойынша белсенді іс-әрекет қабілетін қалыптастыруды қажет етеді. Бұл білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін басқару құралдарының мазмұны мен құрылымына да байланысты. Сондықтан да, білім қазіргі кездегі ағартушылық бағытынан, білім алушылардың тұлғалық дамуы мен олардың танымдық іс-әрекеттерін басқару құралына айналуы тиіс. Аталған мәселе болашақ мамандардың, бүгінгі білім алушылардың, таңдаған мамандығы бойынша жұмыс атқаруда білімді таза күйінде қолданудан гөрі, оны нақтылы практикалық жағдайларда қолдана білуіне керекті қабілеттерінің болғанын қажет ететінін білдереді.

Оқыту үдерісі барысында басты рөл оқытушыға беріледі, өйткені оның ең басты атқаратын қызметі – оқытатын пәннің мазмұнын ашу ғана емес, білім алушылардың оқыту оқыту процесі барысында олардың танымдық әрекеттерін басқару болып табылады. Сол себептен де оқытушы өзінің күнделікті оқыту, әрекеті барысында қажетті нәтижеге жету, білім алушылардың оқу әрекеттерінде белсенділікті арттыру, пәнге қызығушылықты ұлғайту, оқу мазмұнын білім алушылардың болашақ кәсібіне бағыттау, оқыту құралдары мен формаларын және әдістерін таңдау кезінде дидактикалық және психологиялық тұрғыдан негіздеу міндеттерін шешуі қажет болады.

Рассел Григгтің зерттеулеріндегі бастауыш мектеп мұғалімдерінің шеберлігін шыңдау үшін қолданылған кейс-стадилер негізінде зерттеуге алынған болашақ мұғалімдердің шеберлігін шыңдауға байланысты кейс құрастырылды. Тақырып бойынша ақпараттық тренинг жүргізіліп, оқытудың жаңа бағдарламасын тәжірибеге енгізудің тиімді жолдарын қарастырып, студенттер өзара тәжірибе алмасып, маңызды ойларымен бөлісті. Заман талабына сай мемлекетіміздің білім беру үдерісіне жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану болашақ мамандардың шығармашылық шеберлігі мен іскерлігінде екендігі айқындалды. Цифрландырылған қоғамда студент тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, жасанды интеллектіні қолдана білуді үйрету, функционалдық сауаттылыққа баулу, берілген тапсырмаларды шығармашылықпен жүзеге асыра білу, жаңа ақпаратты іздеу, талдау, интерпретациялау дағдыларын дамыту, рухани-адамгершілік құндылықтарын ұлттық негізде дамыту – педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарына негіз болатындығы анықталды.

Зерттеу барысында студенттерге Рассел Григгтің зерттеулеріндегі нақты сынып тәжірибесінің мысалдарын негізге ала отырып, тақырыптан тыс сауалнамалар дайындалды. Рассел Григгтің зерттеулеріндегі нақты сынып тәжірибесін негізге алудағы мақсатымыз – болашақ мұғалімдердің педагогика саласындағы оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерімен қаруландыра отырып, болашақта олар сабақ беретін оқушыларға сапалы білім бере білу шеберлігін шыңдау. Сауалнама мазмұны төмендегідей сипатта болды:

- Үздік мұғалім кім және оны қалай анықтауға болады?
- Болашақта өзіңді қандай мұғалім ретінде тани аласың?
- Мұғалімге тән қандай кәсіби құндылықтарды білесің?
- Шығармашылық ізденістегі мұғалімдерге қандай мұғалімдерді жатқызуға болады?
- Кәсіби білім мен түсінікке қандай сипаттама бере аласың?
- Болашақта тиімді цифрлық педагогиканы дамытуға үлес қоса аласың ба?
- Кең ауқымды оқу бағдарламалары Қазақстан мектептерінде жүргізіле ме?
- Сабақты жоспарлау мен оған дайындық қандай функциялар арқылы жүзеге асырылады?
- Инклюзивті практиканы дамыту дегенді қалай түсінесің?
- Үздік мұғалімнің қарым-қатынас дағдыларына не жатады?
- Үздік мұғалімнің өзінің және оқушылардың мінез-құлқын басқаруы дегенді қалай түсінесің?
- Ширату өнеріне не жатады?
- Үздіксіз оқу жүйесіне көзқарасың қандай?
- Болашақта сенен білім алатын оқушылардың әлемнің жетекші оқу орындарына түсе алатынына сенімдісің бе?

Рассел Григг сауалнамасынан кейін студенттердің жаңа тақырып туралы білімді қаншалықты деңгейде қабылдағандарын анықтау мақсатында өзіміз құрастырған төмендегідей сауалнама сұрақтары ұсынылды:

- Мұғалім шебер сұрақ қоюы үшін қандай болуы керек?
- Оқушылардың оқу үдерісі барысында шығармашылық қабілетін қалай арттыруға болады?

- Рухани-адамгершілік құндылықтарын ұлттық негізде дамыту дегенді қалай түсінесің?
- Қазіргі білім беру бағдарламасының мақсаты неде?
- Әр мұғалімнің бойында оның шеберлігін шыңдайтын қандай қасиеттер болуы керек?
- Педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі дамуына негіз болатын қандай тұжырымдар бар?
- Сапалы білім мен кәсіби білікті маманды даярлаудың маңыздылығы неде?

Сабакта алға тартылған мәселелер мазмұнын тереңдету мақсатында педагогика ғылымы саласының дамуындағы жаңа кезеңнің сипатын және оның алдында тұрған міндеттерді айқындауға көңіл бөлінді.

Еліміз егемендік алғаннан бері білім беру саласында мемлекеттік саясат педагогикалық тұрғыдан алғанда білім беру сапасын жоғары деңгейге көтеру мақсатын қойды. Білім алушылардың Қазақстан Республикасындағы және Ұлыбританиядағы жоғары білім беру жүйесінің тарихи кезеңдері туралы білімдерін тереңдету мақсатында төмендегідей кесте ұсынылды (3-кесте).

3-кесте – Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесінің тарихи кезеңдері

№	Кезеңдерге бөлінуі	Мазмұны	Енгізілген жүйе түрі
1	1991-1994	Жоғары білімді заңдастыру	Нормативтік-құқықтық базасының қалыптасуы
2	1995-1998	Жоғары білім жүйесінің мазмұнын жаңарту	Жоғары білім жүйесін жаңа мазмұнда қайта құру
3	1999-2004	Білім беруді басқару мен қаржыландыру	Жоғары білім беру ұйымдарына академиялық еркіндік беру
4	2005-2010	2015 жылға дейінгі Қазақстанның білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасы	Нарықтық экономикаға жоғары білім беру жүйесін бейімдеу
5	2011 жж. мен қазіргі кезең	Жаңа кезең	Еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудың ұлттық моделін жасау және инновациялық дамуға бейімдеу

4-кесте – Ұлыбританиядағы жоғары білім беру жүйесінің тарихи кезеңдері

№	Кезеңдерге бөлінуі	Мазмұны	Енгізілген жүйе түрі
1	XII-XVI ғғ. Оксфорд (1167), Кембридж (1209)	Шіркеуге бағынышты мазмұнда болды.	Теология, құқық, медицина салалары қалыптасты
2	XIX ғ.	Ғылыми-зерттеу бағыттары дамып, университеттер дербестігі артты.	Жаңа оқу орындары ашылып, білім беру демократияланды. Лондон университеті және басқа жоғары оқу орындары ашылды.
3	XX-XXI ғғ.	Білім беру жаппай сипат алды. Жаңа техникалық университеттер құрылды. Жоғары оқу орындарының студенттері үшін халықаралық ашықтық жарияланды.	Бакалавриат, магистратура, докторантура (PhD) жүйесінде оқытылады. Оксфорд, Кембридж университеттері қазіргі таңда әлемдегі озық және жетекші білім беру орталықтарына айналды.

Бұл кестелер бойынша студенттер Қазақстан Республикасындағы және Ұлыбританиядағы жоғары білім беру жүйесінің тарихи кезеңдерін салыстырмалы түрде

топтай отырып, оның мазмұнын, жаңадан енгізілген жүйе түрлерін талдап, әлемдегі озық және жетекші білім беру орталықтарының мәнін айқындады.

Педагогика әдіснамасының басты міндеті – педагогикада ғылыми-педагогикалық ойлаудың диалектикалық шығармашылық (және жаңашыл) стилін дамыту. Қазіргі кезде диалектика педагогика саласында теориялық зерттеудің жетекші әдісі ретінде толыққанды қолданылмай отыр. Өйткені педагогикалық білім мен практиканы қажетті диалектизациялаусыз жүзеге асыру мүмкін емес. Әрбір ғалым-педагог үшін педагогикалық жағдайдың қайшылықтарына, оның танымына және оларды шешу жолдарына жүгіну мүмкіндіктер түрінде емес, ережеге айналуы тиіс.

Педагогика құрылымындағы әдіснамалық тұжырымдарды жүзеге асыруда көптеген ғалымдар заманауи педагогиканың негізіне сүйеніп жүйелеп нақтылауды және жаңа ғылыми-педагогикалық пәндердің пайда болуын қарастырудың жолдарын көздейді. Заманауи педагогиканың ғылыми-педагогикалық жіктемесі жасалып, оның пәндік деңгейде құрылуы мен педагогикалық құрылымының болжамдық моделі негізделуде. Студенттерге түсінікті болуы үшін өз жұмысымызда педагогика дамуының жаңа идеялары мен тұжырымдарын кесте жиынтығы ретінде жүйелеуді және салыстыруды жөн көрдік (4-5 кестелер).

5-кесте – Педагогика дамуының қазіргі кезеңдегі жаңа идеялары мен модельдері

№	Педагогика құрылымын зерттеудің жаңа идеялары	Зерттеуші ғалымдар	Педагогика құрылымын зерттеудің жаңа модельдері	Зерттеуші ғалымдар
1	Жалпы ғылымда және педагогикада ғылыми-педагогикалық білімнің маңызының артып отыруы туралы идеялар	Г.А. Уманов А.П. Сейтешев Г.Қ. Нұрғалиева В.А. Дмитриенко В.И. Журавлев	Ғылым дамуын зерделеу зерделеу теорияларының ақпараттық моделі	Г.Қ. Нұрғалиева Қ.М. Беркімбаев Ы.Е. Бидайбеков
2			Ғылым дамуын зерделеу зерделеу теорияларының логикалық моделі	Ж.М. Әбілдин П.В. Копнин Н.П. Коршунова
3			Ғылым дамуын зерделеу зерделеу теорияларының социологиялық моделі	М. Тажин К. Биекенов А.Е. Левин
4			Ғылым дамуын зерделеу зерделеу теорияларының гносеологиялық моделі	Ж.М. Әбілдин Г.Х. Валеев Г.В. Воробьев

Студенттер 4-ші және 5-ші кестедегі педагогика дамуының қазіргі кезеңдегі жаңа идеялары мен модельдерін және жаңа тұжырымдары мен әдіснамасын салыстырмалы түрде анықтап алған соң студенттерге тағы да сауалнама сұрақтары қойылды:

- Педагогика дегеніміз не?
- Педагогика сөзінің неше мағынасы бар?
- Педагогиканы өнер пәні деп айта аламыз ба?
- Неге педагогика әрекет жүйесі деп аталады?
- Ғылым дегеніміз не?
- Ғылым деп нені түсінеміз?
- Ғылымда шындық өмір туралы объективті білімдерді жасау мүмкін бе?
- Педагогикалық шынайылық дегеніміз не?
- Әдіснама дегенді қалай түсінесің?

Педагогикалық тәжірибелік жұмыс кезінде студенттердің педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі дамуына негіз болатын тұжырымдар туралы білімдерін тереңдету мақсатында

жүргізілген әдістемелік жүйеде зерттеу құзыреттіліктері жетілдірілді. Зерттеу нәтижелері студенттерге педагогика ғылымының дамуына негіз болатын тұжырымдар мен идеяларды және модельдер мен әдіснаманың құрылымы мен компоненттерін түсінуге мүмкіндік берді.

Қорытынды

Педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарын білім беру үдерісіне енгізудің тиімділігі эксперимент барысында дәлелденіп, жүргізілген жұмыстар жүйелі жүзеге асырылды. Зерттеу жұмысына қатысқан 256 білім алушылардың 128-і бақылау тобына, 128-і эксперименттік топқа бөлініп, эксперименттік топта инновациялық педагогикалық технологиялар, цифрлық құралдар, тұлғаға бағдарланған және белсенді оқыту әдістері жүйелі түрде қолданылды. Жүргізілген зерттеу нәтижелерінің негізінде төмендегідей ғылыми тұжырымдар жасалды:

1. Эксперимент басталғанға дейін бақылау және эксперименттік топтардың білім деңгейі арасында статистикалық мәнді айырмашылық анықталған жоқ. Бұл зерттеуге алынған топтардың бастапқы шарттарының теңдігін қамтамасыз ете отырып, алынған нәтижелердің сенімділігін арттырды.

2. Эксперимент нәтижесі негізінде эксперименттік топтың оқу жетістіктері бақылау тобымен салыстырғанда айтарлықтай жоғарылады. Білім сапасының орташа көрсеткіші эксперименттік топта 14.5 баллға өссе, бақылау тобында өсім 4.8 баллдық көрсеткішті құрады.

3. Тәуелсіз іріктемелік t- тест нәтижелері топтар арасындағы айырмашылықтың өте жоғары деңгейде екенін көрсетті ($p < 0.001$). Жүргізілген зерттеу жұмысының әсер көлемінің жоғары болуы (Cohen's $d = 1.34$) жаңа педагогикалық тұжырымдардың білім сапасына күшті ықпал еткенін дәлелдейді.

4. Зерттеу кезінде жүргізілген білім сапасының пайыздық өсімі эксперименттік топта 22.6%, бақылау тобында 7.6%-ды құрады. Бұдан шығатын нәтиже – инновациялық педагогикалық тәсілдердің дәстүрлі оқытуға қарағанда әлдеқайда тиімділігінің жоғары көрсеткішінің дәлелі.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелерінде педагогика ғылымының жаңа кезеңдегі даму тұжырымдарын білім беру жүйесіне енгізу білім алушылардың оқу жетістіктерін арттырудың маңызды факторы бола отырып, заманауи педагогикалық технологиялардың, цифрлық білім беру ресурстары және белсенді оқыту әдістерінің білім сапасын арттыруда шешуші рөл атқаратындығы ғылыми тұрғыда дәлелденді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Битэм Э., Шарш Р. Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. XXI ғасырдағы оқыту дизайны. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 2019. – 328 б.
2. Пошаев Д.Қ. Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері: оқу құралы. – Шымкент: Нұрлы бейне, 2011. – 184 б.
3. Таубаева Ш.Т. Научный статус, структура и функции методологии науки // Қазақстан педагогикалық ғылымдар академиясы хабаршысы. – 2013. – №1. – Б. 3-13.
4. Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: білім беру көкжиегі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 608 б.
5. Әлқожаева Н.С. Педагогика: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 220 б.
6. Поллард Э. Рефлексивті оқыту негіздері: оқулық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 726 б.
7. Таубава Ш.Т., Иманбаева С.Т., Берикханова А.Е. Педагогика: оқулық. – Алматы: ОНОН, 2018. – 357 б.
8. Нұғысова А. Ғылыми-педагогикалық зерттеулерді ұйымдастыру. – Алматы: Отан, 2016. – 130 б.
9. Гершунский Б.С. Образовательно-педагогическая прогностика: теория, методология, практика: учебное пособие. – Москва: Флинта: Наука, 2003. – 764 с.

10. Поллард Э. Рефлексивті оқыту негіздері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 728 б.
11. Барлетт С., Бертон Д. Білім берудегі зерттеулер. Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 464 б.
12. Рысбекова А.Г., Мейрбекова Г.П., Пилтен Г., Шалабаева Ж.С. Жаңартылған білім мазмұны – жаңашылдыққа бастау // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2019. – №3(113). – Б. 176-187.
13. Пошаев Д.К., Рысқұлов А., Байбатшаева А.Е. Интеграция мен ғаламдастыру кезеңіндегі педагогика ғылымын дамыту тұжырымдамасы // Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық сериясы. – 2021. – №4. – Б. 427-440. <https://doi.org/10.48081/EVKO4951>
14. Russel Grigg. Becomig an Outstanding Primary School Teacher. – London, Routledge, 2022. – 488 p. <https://doi.org/10.4324/9781003138396>

REFERENCES

1. Bitem E., Sharsh R. Pedagogikany cifrlyq dauirde qaita zerdeleu. XXI gasyrdagy oqytu dizainy [Rethinking pedagogy in the digital age. Learning design in the XXI century]. – Almaty: «Ulttyq audarma biurosy» qogamdyq qory. – 2019. – 328 b. [in Kazakh]
2. Poshayev D.Q. Gylmy-pedagogikalyq zertteu negizderi: oqu quraly [Fundamentals of scientific and pedagogical research: manual]. – Shymkent: Nurly beine, 2011. – 184 b. [in Kazakh]
3. Taubaeva Sh.T. Nauchnyi status, struktura i funkci metodologii nauki [Scientific status, structure and functions of the methodology of science] // Qazaqstan pedagogikalyq gylymdar akademiasy habarshysy. – 2013. – №1. – B. 3-13. [in Russian]
4. Shunk Deil H. Oqytu teoriasy: bilim beru kokzhiegi [Learning theory: educational horizon]. – Almaty: «Ulttyq audarma biurosy» qogamdyq qory, 2019. – 608 b. [in Kazakh]
5. Alqozhaeva N.S. Pedagogika: oqu quraly [Pedagogy: training manual]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015. – 220 b. [in Kazakh]
6. Pollard E. Reflektivti oqytu negizderi: oqulyq [Basics of reflective learning: textbook]. – Almaty: «Ulttyq audarma biurosy» qogamdyq qory, 2020, – 726 b. [in Kazakh]
7. Taubava Sh.T., Imanbaeva S.T., Berikhanova A.E. Pedagogika: oqulyq [Pedagogy: textbook]. – Almaty: ONON, 2018. – 357 b. [in Kazakh]
8. Nugysova A. Gylmy-pedagogikalyq zertteulerdi uiymdastyru [Organization of scientific and pedagogical research]. – Almaty: Otan, 2016. – 130 b. [in Kazakh]
9. Gershunski B.S. Obrazovatelno-pedagogicheskaya prognostika: teoriya, metodologiya, praktika: uchebnoe posobie [Educational and pedagogical prognostics: theory, methodology, practice: textbook]. – Moskva: Flinta: Nauka, 2003. – 764 s. [in Russian]
10. Pollard E. Reflektivti oqytu negizderi [Basics of reflexive learning]. – Almaty: «Ulttyq audarma biurosy» qogamdyq qory, 2020. – 728 b. [in Kazakh]
11. Barlett S., Berton D. Bilim berudegi zertteuler. Kirispe [Research in education. Introduction]. – Almaty: «Ulttyq audarma biurosy» qogamdyq qory, 2020. – 464 b. [in Kazakh]
12. Rysbekova A.G., Meirbekova G.P., Piltan G., Shalabaeva Zh.S. Zhanartylgan bilim mazmuny – zhanashyldyqqa bastau [Updated content of education-the beginning of innovation] // Iasau universitenin habarshysy. – 2019. – №3(113). – B. 176-187. [in Kazakh]
13. Poshayev D.Q., Rysqulov A., Baibatshaeva A.E. Integraciya men galamdastyru kezenindegi pedagogika gylymyn damytu tuzhyrymdamasy [The concept of development of pedagogical science at the stage of integration and globalization] // Toraigyrov universitetinin habarshysy. Pedagogikalyq seriasy. – 2021. – №4. – B. 427-440. <https://doi.org/10.48081/EVKO4951> [in Kazakh]
14. Russel Grigg. Becomig an Outstanding Primary School Teacher. – London, Routledge, 2022. – 488 p. <https://doi.org/10.4324/9781003138396>

Concepts of Development of Pedagogical Science in the New Period

Abstract. The article analyzes the main directions of pedagogical science at the present stage, changes in society and the education system, as well as changes in the basic principles and methods of pedagogy

associated with the new philosophy of education. It also examines the main reasons for in lag of pedagogical science behind the practice of teaching and upbringing.

In recent years, pedagogical science has been moving to new directions and methods in response to changes in society and the economy, as well as global educational processes. These changes require a new approach to pedagogy. There is a gap between the development of science and new requirements in the process of teaching and upbringing. The main reasons for this gap are the slow renewal of educational methods, the lack of connection between pedagogical theory and practice, as well as the low level of implementation of innovative technologies in the education and upbringing system.

The article emphasizes that to solve these problems in pedagogical science, a close connection between scientific research and pedagogical experience is necessary. To improve the efficiency of the education system, it is important to update pedagogical principles and methods; their changes must meet the requirements of modern times. New directions and methods in pedagogy must base their work on the relationship between science and practice. In addition, pedagogical science requires relevant scientific research for the effective application of new technologies and methods in the education and upbringing system. The results of such research will help create new models of pedagogical theory based on practice, which will improve the process of teaching and upbringing.

Keywords: development of science, methodology, integration, cultural studies, scientific research, predictable breakthroughs, leading idea generator.

Концепции развития педагогической науки в новый период

Аннотация. В статье анализируются основные направления педагогической науки на современном этапе, изменения в обществе и системе образования, а также изменения основных принципов и методов педагогики, связанные с новой философией образования. Также рассматриваются основные причины отставания педагогической науки от практики обучения и воспитания. Педагогическая наука в последние годы переходит на новые направления и методы в ответ на изменения в обществе и экономике, а также на мировые образовательные процессы. Эти изменения требуют нового подхода к педагогике. Между развитием науки и новыми требованиями к процессу обучения и воспитания наблюдается разрыв. Основными причинами этого разрыва являются медленное обновление образовательных методик, отсутствие связи между педагогической теорией и практикой, а также низкий уровень внедрения инновационных технологий в систему образования и воспитания.

В статье подчеркивается, что для решения этих проблем в педагогической науке необходима тесная связь научных исследований и педагогического опыта. Для повышения эффективности системы образования важно обновлять педагогические принципы и методы: их изменения должны соответствовать требованиям современности. Новые направления и методы в педагогике должны основываться на взаимосвязи науки и практики.

Кроме того, педагогическая наука требует проведения соответствующих научных исследований для эффективного применения новых технологий и методов в системе образования и воспитания. Результаты таких исследований помогут создать новые модели педагогической теории, основанные на практике, что позволит улучшить процесс обучения и воспитания.

Ключевые слова: развитие науки, методология, интеграция, культурология, научное исследование, прогнозируемые прорывы, ведущий генератор идей.

Авторлар туралы мәлімет

Д.К. Пошаев – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, *Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*, e-mail: Dimash_p@mail.ru, Қазақстан, Шымкент қ.

А.К. Рыскулов – корреспондент-автор, PhD докторант, *Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*, e-mail: Aldiar_8686@mail.ru, Қазақстан, Шымкент қ.

Г.Е. Кужагулова – педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, *Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*, e-mail: Gulnarkuzh@gmail.com, Қазақстан, Шымкент қ.

Information about the authors

Poshaev D.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, South Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov, e-mail: Dimash_p@mail.ru, Kazakhstan, Shymkent.

Ryskulov A.K. – The Corresponding Author, PhD Doctoral Student, South Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov, e-mail: Aldiar_8686@mail.ru, Kazakhstan, Shymkent.

Kuzhagulova G.E. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, South Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov, e-mail: Gulnarkuzh@gmail.com, Kazakhstan, Shymkent.

Сведения об авторах

Пошаев Д.К. – кандидат педагогических наук, профессор, Южно-Казахстанский педагогический университет им. О. Жанибекова, e-mail: Dimash_p@mail.ru, Казахстан, г. Шымкент.

Рыскулов А.К. – автор-корреспондент, PhD докторант, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, e-mail: Aldiar_8686@mail.ru, Казахстан, г. Шымкент.

Кузжагулова Г.Е. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель, Южно-Казахстанский педагогический университет имени О. Жанибекова, e-mail: Gulnarkuzh@gmail.com, Казахстан, г. Шымкент.